

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
6D021300 – Лингвистика мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Ерсултанова Гаухар Тилемукабуловнаның
«Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ
баспасөз материалдары негізінде» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы.

Қазақ елінің қазіргі кезеңдегі мемлекеттік ішкі саясатындағы ең басым бағыттарының бірі – сөз мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу екендігі белгілі. Бұл бағыт көп тармақты және күрделі ғылыми-практикалық іш-шараларды іске асыруды көздейтіндігі және мәлім. Олардың қатарында жаһандануға төтеп бере алатын ұлттану бағыты айрықша маңызға ие. Өйткені нақ осы бағыт ұлт тілінің мүмкіндіктерін тіл ғылымының жаңа салаларының әдіснамасы арқылы тың тұрғыдан қарастыруға, тілдің әлеуетін дәлелдеуге барып тіреледі. Қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейді, ұлғая да бермек, бұл – даусыз. Дей тұрсақ та тілдің мүмкіндіктерін анық танытатын прагматика, тілдің қолданысы қандай деңгейде деген сауал ілгері шығады. Қазақтың сөзқолданысы, қазақ сөзінің арғы тарихтан келе жатқан, әбден мойындалған сөз дұрыстығы мен жатықтығы, қазақ сөзінің аудиторияға әсері қазіргі кезде қандай күйде екендігін анықтау үшін ауызша және жазбаша дискурстың ерекшеліктерін тану аса қажет. Ал ауызша және жазбаша дискурстың айқын көрінетін тұсы – публицистикалық стиль (ПС). Сыртқы факторлардың ықпалынан публицистикалық стилдің стилдік ерекшелігі өте күрделі, осы себепті қазіргі кезде ғылымда «стиларалық стиль» деген атау бар. Тілдік-стилдік, жанрлық құрылымы мен жүйесі жағынан ПС – қалың жұртшылыққа ақпарат беру және әсер ету функциясы жағынан доминант тармақ. ПС-да сонымен катар әлеуметтік-мәдени контекст түрлері арқылы ұлттық құндылықтарды, идеологияға көзқарасты ұстана отырып, қазақ ұлтының тарихи-дәстүрлі сөз саптауын, әрі қазіргі тілдің сөзқолданысын сабактастықта, динамикада танытатын, лингвокапитал көзі болып саналатын сөз / сөйленім үлгілері – публицистикалық дискурс бар. Ал қазақ тілтанымында дискурс жайы айтылғанымен, публицистикалық дискурстың табиғаты жеке зерттеле қоймаған.

Жұмыстың екінші маңызды жағы – қазіргі кезде гуманитарлық ғылымда, жаңа тұрпатты жаңғыру жағдайында актив қолданыс түскен «тұлға» және «тілдік тұлға» ұғымдарына терендереп баруы, пікірлерді жинақтауы. Ізденуші әлемдік лингвистиканың көрнекті өкілдерінен бастап (В. фон Гумбольдт, Ф. де Соссюр, Ж. Вандриес, Э. Сепир) қазіргі зерттеушілердің

егжей-тегжейлі қарастырады, А. Байтұрсынұлы бастаған қазактың тілші және әдебиетші ғалымдарының (К. Жұмалиев, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Н. Уәли, Ж. Манкеева, К. Есенова және т.б.) тұжырымдарына тоқталады. Шындығында, кез келген қазақтілді адам тілдік тұлға бола алмайды. Мәселен, К. Жұмалиев талантты ақын-жазушыларды ғана тілдік тұлға деп таныған. Тілдік тұлға болу үшін, тегінде, әрбір жағдаятқа сәйкес стратегия мен тактиканы толық игерген, өзінің санасында қазақ әлемінің тілдік бейнесі әбден орнықкан және оны қазақ тілінің сөз байлығын жетік менгеру, сөз саптамының биік деңгейі арқылы вербалдай алатын, өзінің тіл туралы және тілді менгерген білім тәжірибесі арқылы тілді өміршендігін сактауда жауапкершілікті сезінетін, тілді қоғам мүшелерінің санасы мен болмысын өзгерту үшін қолданатын жеке тұлғаны атасақ керек. Ал бұл, қазақ ғылымында когнитивті лингвистика айналасында қолға алына бастады және көбіне-көп көркем әдебиет шығармалары арқылы анықталады.

Публицистикалық дискурстың негізгі белгілерінің алғаш рет анықталуы, оны қалыптастыратын тілдік тұлғаның айырым белгілерінің зерделенуі қазіргі кезеңдегі ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалардың, тіл саясатының басым бағыттарына сәйкес келетіндігі жұмыстың өзектілігін айқындайды.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Жұмыста бірінші тарауында публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға» концепциясы, тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік сипаты, тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейі бойынша тұжырымдар мен қорытындылар жасалған.

Публицистикалық дискурстағы «тілдік тұлға» концепциясына бару үшін ізденуші ең алдымен публицистикалық дискурстың негізгі белгілерін анықтауға ұмтылыс жасаған. Бұл ретте екі сала – публицистикалық стильті мен жалпы дискурс категорияларының аясына енетін басты белгілерді ажырату қажеттілігі туады. Тіл білімінде публицистикалық стилдің басты ерекшеліктері тілдік-стилдік айырымы, жанрлық тарамдалуы жақтарынан әбден зерттелген деуге болады. Ақпарат беру функциясын аткаратын, реңми фактілерге сүйенетін, қоғамның әлеуметтік-мәдени жаңалықтарынан хабардар ететін жанр түрлерінен басқа ПС-да жекелеген авторлардың белгілі бір мәселеге қатысты ұстанымы, көзқарасы, мақсаты, позициясы, проблеманы логикалық пайымдауы баяндалатын публицистикалық очерк, көркем очерк, памфлет сиякты жанр түрлері бар. Бұларда жеке бір сөйленім үлгілері, публицистикалық дискурс қалыптасады: сөз таңдау, сөз тізбегінің құрылымы (семантика мен синтаксика) арқылы айтылған / жазылған сөз бен оны қабылдаушылардың арасындағы карым-қатынасты білдіретін прагматика қалыптасады. Осы мәелелерді анықтау үшін жеке тұлғалардың – публицистердің жарияланымдарындағы моделдерді зерделеу және сол моделдердер жиынтық тұлғалардың қалыптасуына қандай ықпалы бар дегендерді қарастыру қажет болады. Публицистикалық дискурсты

айқындастын сыртқы факторлар да, баяндалатын жайтқа баға беріп, оқырманын иландырып, пікір қалыптастыратын, яғни ықпал ететін тікелей тілдік ерекшеліктер бар. Ізденуші публицистикалық дискурстың негізгі белгілерін әбден зерделеген. Бұл – ізденушінің қол жеткізген, негізделген және шынайылығы бар бір тұжырымы және жұмыстың бір нәтижесі.

Тақырып аясындағы осы проблема тілдік тұлға деген ұғымды анықтауға барып тіреледі. Бұл мәселенің талдануы әлемдік лингвистикадағы көптеген зерттеулерді атамағанның өзінде, қазақ тіл білімінде академик Р. Сыздықтың, профессор Ж. Манкееваның, А. Исламның, еңбектерінде бар. Барлық дерлік тұжырымдарды талдай келе, ізденуші тілдік тұлға феноменінің айқындалуына Ю.Н. Карауловтың пікірін басшылыққа ала отырып, вербалды-семантикалық, когнитивтік және мотивациялық-прагматикалық ерекшеліктерге ие тұлға деген қорытынды қосады, бұл жұмыстағы тұжырымдардың бірі болып саналады.

Публицистикалық дискурс үлгілеріндегі тілдік тұлғаның өзіндік сипатын таныту үшін ментальды-лингвалды кешенді нақтылау, яғни ойсанасында, тексанасында өз ойын жеткізуді жоспарлауы, қолданатын тілдік бірліктердің үлттық болмысы, тіл заңдылықтары, қабылдаушыға әсері жайттарын анықтау қажет болады. Ізденуші қазіргі публицистикалық дискурстың өкілі – тілдік тұлға ретінде беделді басылымдарда тұрақты жарияланымдары бар Б. Омаров, Б. Қайратұлы, Н. Жұсіп есімді журналистерді таңдаған. Олардың публицистикалық дискурсты қалыптастыруышы тілдік тұлға деңгейіндегі ерекшеліктері ретінде: а) өнімді еңбек етіп келе жатқан тұлғалар; ә) үлгі боларлық төсөлген, өзіндік ойы, жазу мәнері қалыптасқандар; б) тақырыптары ортақ; в) ана тілін, үлттың тарихын жетік менгерген, элитарлық деңгейдегі тұлғалар; г) катарлас, замандас адамдар деген параметрлерді ұсынады. Осы тілдік тұлғалардың басты ерекшелігі ретінде зерттеуде негізінен олардың қолданысындағы тілдік қабаттар талданған және бұл публицистикалық дискурстың бір белгісі ретінде көрсетілген. Тілдік тұлғаның сөз қолданысындағы өзіндіктерін ажырату үшін мол эмпирикалық материал талдаудан өту қажет. Ал бұл жұмыста әбден жеткілікті.

Сонымен қатар публицистикалық дискурстағы көріктеу құралдарының қолданысын талдау тілдік тұлғаның коммуникативтік діттемін анықтаумен байланыста, ішкі бірлікте жүргізілген. Авторлардың публицистикалық шығармаларында кейіптеу, параллель, прецедентті мәтіндер, сөз ойнатым, тәмсіл, антономазия, градация, антонимдер, шендерестіру (антитет), қайталау сияқты көріктеу құралдарының қолданыс ерекшеліктеріне тілдік талдау берілген.

Тілдік тұлғалардың публицистикалық жарияланымдарындағы лексикалық қабаттардың, көріктеу құралдарының талдануы арқылы ізденуші тілдік тұлғаның феноменін анықтай түседі және қазіргі қазақ баспасөзіндегі сөзқолданыска тән үрдістерге баға береді. Бұл – зерттеудегі тұжырымдар мен қорытындылардың шынайы негізделуінің келесі бір көрінісі.

Жұмыстың екінші тарауы публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік сипаты мәселесіне арналған. Жалпы, жұмыста құрылымға қатысты жақсы сабактастық бар. Ен алдымен проблемаға қатысты зерттеулер мен пікірлер қарастырылады, одан әрі ізденуші өз тарапынан ұсыныстар мен қорытындылар жасайды. Осы тарауда автор әуелі тілдік когнитивтік ерекшеліктеріне, концептіге қатысты ортак белгілердің концептуалды ойды қалыптастыруға ықпалын айтуда үмтүлсыз жасайды.

Тілдік тұлғаның басты ерекшелігін көрсететін, жоғарыда аталған лексикалық қабаттар мен көріктеу құралдарымен салыстыра қараганда маңыздылығы жоғары фактордың бірі – концептілердегі тілдік білімнің дұрыс қолданылуы. Ізденуші жоғарыда аталған тілдік тұлғалардың жарияланымдарындағы ауыл, қазақ, тұлға, қоғам концептосфераларын жаңажакты талдауга барады. Осы ретте ықшам түрде, тақырыпқа байланысты болғандықтан, тұлға концептің туралы тұжырымдарға тоқтала кетсек. Бұл мәселені талдауда жұмыстың айрықшалығы – тұлға концептісінің Б. Омарұлы мен Н. Жұсіп жарияланымдарындағы (Қали Сарсенбай туралы) қолданыстардың өзгешелігін көрсететін белгілер нақтыланған. Мысалы, накты тұлғаға (Қали Сәрсенбай) публицистер тұлға концептісін ашу үшін «жан әлемі көркемдік кемелдікке толы»; «ұлттық иммунитеттің ролін аткарады» деген параметрлерді көрсетеді. Ізденуші публицистикалық дискурста накты тұлғаның тұлға екендігін дәлелдеу үшін тарихтағы және қоғам дамуындағы рөлін, өз ісінің білікті маманы екенін, адамгершілік қасиетін, құрескер, қадірлі, ұлттың ұйытқысы, уақыттың ырқына бағынбайтын, шыншыл, қарапайым, атаққұмар емес екендігін, тәжірибесін анықтайдын фактілер мен тілдік бірліктер қолданылуы керек деп есептейді. Бұл үшін Нұрсұлтан Назарбаев, Нұрмахан Оразбек, Серік Қирабаев, Махмұт Қасымбеков, Илья Ильин, Эмин Тұяқов, Гұсман Қосанов, Эдвин Озолин, Николай Политико, Қали Сәрсенбай тәрізді адамдар туралы жазылған жарияланымдарды талдап, тұлға концептісінің публицистикалық дискурстағы белгілерін ашады. Ал «қазақ» концептісінің публицистикалық дискурстағы белгілерін көрсету үшін жарияланымдарда ен алдымен экстралингвистикалық түрткіжайтар басшылыққа алынуы керек, олар: а) тарихи деректер (ауызша әдебиеттен және хронологиялық көрсеткіштерден алынған мәліметтер); ә) тарихи оқиғалардағы қоғамдық құрылыштың қалыптасуы мен өзгеруіндегі рөлі; б) ұлттық діл мен ұлттық тілдің қалыптасуындағы рөлі.

Шындығында, жазарман – публицист өз ойын, позициясын тілдік құралдар арқылы жеткізу үшін алдымен белгілі бір стратегия мен тактика құрады. Диссертант прагматикалық қызметті айқындайтын стратегия мен тактиканы егжей-тегжейлі талдаған. Әйткені прагматикалық стратегия мен тактика публицистикалық дискурстың айырым белгілерін, тілдік тұлғаның

феноменін танып-білу үшін аса маңызды. Публицистің коммуникативті стратегиясы, оқырманды сендіру, иландыру стратегиясы, ықпал ету тактикасы нақты болған жағдайда оқырманның зердесіне білім қосылады, белгілі бір фактіні бағалауына, ойлануына тұрткі жасалады. Осы стратегиялар мен тактикалар бар Б. Омаровтың, Б. Қайратұлының және Н. Жүсіптің жарияланымдарындағы аналитика, логикалық, риторикалық, көркем, публицистикалық пропозициялар бар мәтіндер жақсы талданған. Бұл ретте жарияланымның тақырыпаты, ойды логикалық тұрғыдан дәнекерлеуші тілдік бірліктер, сөз ықпалдастығының жүйелілігі, де маңызды. Аталған публицистердің жарияланымдарында, жұмыста көрсетілгеніндей, «Елдің ұлттық-рухани тамыры» дегеніміз не? Мұны неге айтып отырмыз? Жоғарыдағы доктринадан нендей қорытынды туилеміз? Бұдан құтылатаң жол бар ма? Бар, әрине тәріздес репликалар ықпал ету тактикасының бірінде нақты мысалдармен, мәтін көлемінде жақсы талданған.

Жұмыста когезия, субституция тәсілдерімен қатар паремиялардың прагматикалық қызметіне жеке мән беріледі. Тілдік тұлғаларың паремияларды тақырыпта ретінде, реплика ыңғайында, ойды дәнекерлеуші тілдік бірлік ретінде пайдалануы жиі дегенді айта отырып, паремиялардың қолданысқа түсіу тілдің байлығын, паремияның ұлттық құндылықтардың бір арнасы екендігін көрсететіндігі және публицистердің тілдік тұлға ретіндегі қалыптасуына негіз деп санайды.

Бұған қоса аталған тілдік тұлғалардың өз тараптарынан жасалған образды тіркестерді (*сүйіспенішіліктің отын өшіреді, надан қызғаныш, шартты сүйіспенішілік белгісі, жылт етпе, әңгүдік сүйіспенішілік, сүйіспенішілік көрсоқырлыққа жетелейді; ұлт тарихын танытудың салқар көші оңалып кете қойған жсоқ; эрозияга ұшыраған ұлттық танымның өзи тереңге тарта алмай қайрақдан қалып жатыр*) тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы тезаурустары деп бағалаған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу жұмысының міндеттері 7 тармаққа таратылып көрсетілген; оларды топтастыра келе диссертацияның аса маңызды үш ғылыми нәтижесі бар деп есептейміз; олар: а) публицистикалық дискурстағы «тілдік тұлға» концепциясы; ә) публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік сипаты; б) публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; публицистикалық дискурстың негізгі белгілері бірінші рет жүйеленген; яғни зерттеуде семантика, синтаксика, прагматикалық тұрғыдан талданып, публицистің-жазарманның этномәдени және тілдік деңгейін көрсететін, адресаттың да этномәдени және тілдік деңгейінің, ұлттық құндылықтарды бағалау деңгейінің жоғарылауына ықпал жасайтын, автор (адресант) – мәтін — оқырман (адресат) байланысы түріндегі күрделі прагматикалық бірлік ретінде алғаш рет тұжырымдар жасалған.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа; толыққанды тілдік тұлға болмысын ашу үшін зерттеуші тарапынан тілдік фактілер молынан талданып, әрі теориялық-әдіснамалық, лингвистикалық-тәнұымдық әдістердің қолданылуы нәтижесінде «Қазак», «Қоғам», «Тұлға» концептілерінің когнитивтік модельдері арқылы публицистикадағы тілдік тұлғаның негізdemесі жасалған. Жеке тілдік тұлға мен жынытық тілдік тұлғаның идиостиліне тән белгілер топтастырылған.

Үшінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа; прагматика ерекшеліктерінің, прагматикалық стратегиялар мен тактикаларының әлемдік лингвистикадағы, қазақ тілтанымындағы тұжырымдары егжей-тегжейлі талданған. Сонымен қатар коньюкция, сөз ықпалдастыры, субституция, когезия және ретроспекцияға қатысты молынан келтірілген эмпирикалық фактілер арқылы публицистикалық дискурстағы логикалық, риторикалық, көркем, публицистикалық пропозициялар туралы біршама жаңа корытынды жасалған.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Жұмыста талданған публицистикалық дискурстағы лексикалық қабат (түрлері және ішінара мағыналары), синтаксистік құрылым (ойды дәнекерлеуші конструкциялар) және прагматика проблемалары бойынша қорытындыларды қазақ тіл білімінің диахронды-синхронды зерттеу бағыттарына, оның ішінде публицистикалық стилдің қазіргі кезеңдегі сипаты, когнитивті лингвистика, сөз мәдениеті, прагмалингвистика, лингвостилистика, сөз стилистикасы мәселелері бойынша филология мен журналистика және басқа да гуманитарлық салаларда теориялық және практикалық тұрғыдан берілетін білімдер жүйесінде пайдалануға болады. және осы арқылы диссертацияның қорытындылары мен нәтижелері біздің еліміздегі тіл саясатының сындарлы атқарылуына үлес қосады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелерінің жариялануы мен мақұлдануы КР БФМ Білім беру саласындағы комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді (скопус – 1; макалалар – 7).

6. Диссертацияның мазмұндағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер мен ескертпелер.

Диссертацияның зерттеу нысанасының өзектілігін, проблемалардың толыққанды дәйектілігін, жоғары ғылыми дискурста жазылғандығын атап өте отырып, бірнеше ұсыныстарды көрсетеміз.

1) Жұмыста «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген баспасөз құралдары мен кейінгі газет-журналдардағы мақала авторларын өзара салыстыра, байланыстыра отырып, әркайсының өзіндік ерекшелігін көрсету» (25-бет) атап өтіледі, алайда бұған қатысты баяндаулар және салыстырулар толықтыра тұсуді керек етеді.

2) Диссертацияның «Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарындағы тезаурустары» (3.7.) деп аталағын тармағында Б. Омаров, Б. Қайратұлы, Н. Жүсіп жарияланымдарындағы сүйіспенешіліктің отын өшіреді, надан қызғаныш, шартты сүйіспенешілік белгісі, жылт етпе, әңгүдік сүйіспенешілік тәріздес қолданыстар тезаурустар деп танылған. Екіншіден, жұмыстың қорытындысында (160-бет) «Тілдік тұлғалар публицистикалық дискурстарында тілдегі дайын конструкцияларды ғана пайдаланып қоймай, өз тарапынан тосын тіркестер құрап, окказионализмдер түзеді. Тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарында авторлық қолданыска жататын, дербес сипаттағы тезаурустар бар» деген түйін жасалады. Үшіншіден, тезаурус термині сөздердің семантикалық қарым-қатынастары (синоним, антоним, пароним, гипоним, гипероним және т.б.) берілетін лексикографиялық еңбектің – сөздіктің бір түрі. Бұндай тілдік бірліктер, біріншіден, сөз стилистикасы және сөз мәдениеті аспектілерінде мағыналық және композициялық тұтастық ретінде талданатын және бағаланатын фактілер болып саналады.

3) Жұмыстың 68-бетінде адресаттардың жас және әлеуметтік көрсеткіштеріне қарай ассоциативті эксперимент жүргізілгені көрсетілген. Тақырып пен нысананы әбден дәлелдеу үшін эксперимент, сауалнама сияқты әдіснама формаларының колданылуы маңызды. Осы тақырып алдағы уақытта жалғастырылған жағдайда ассоциативті эксперименттің нәтижелері, сандық және сапалық талдаулар толықтырыла түсіп, тиімділігі айқын көрсетілсе деп есептейміз.

Диссертациялық зерттеу ғылымға жол ашатын бастапқы саты болғандықтан, көрсетілген ұсыныстар ізденушінің алдағы жұмыстарында терендетіле түседі деп үміттенеміз.

7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Зерттеу тақырыптың таңдалуы, нысананың нақтылануы жағынан қазіргі жалпы ғылыми бағдарламалардың сұраныстарына толық сәйкес келетін, ғылыми аппараты дұрыс, толық аяқталған жұмыс болып табылады, осыған байланысты «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде)» тақырыбындағы зерттеудің авторы Ерсултанова Гаухар Тилеукабуловна 6D021300 – Лингвистика мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға әбден лайық деп бағаланады.

А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

20 қараша, 2020 жыл.



А. Алдаш

(аттестант)
КОЛЫН ҚУАНЫСЫ ЦАРЫМАНЫ
КР ЕФМ А. БАЙТҰРСЫНОВЫ
АТЫНДАГЫ ТІЛ БІЛІМІНСІЗ ИНСТИТУТЫ
КАДР БӨЛІМІНІҢ КОНСПЕКТОДАРЫ
200